

"Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1993 жылғы 12 сәуір. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 12 Заңымен (өзгеріс 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді)

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жарияланған күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1993 жылғы 1 маусымға дейін:

- осы Заңда көзделген кредит беру шарттары қолданылатын ауыл шаруашылық машиналарын жасау, ауылдағы құрылыс және аграрлық-сервистік қызмет көрсету кәсіпорындарының;

- ауруларды жою жөніндегі шаралар мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын аса жұқпалы мал ауруларының;

- бағасының қымбаттауы мемлекеттік бюджет есебінен өтелетін энергия көздерінің, техниканың және материалдық-техникалық құралдардың тізбесін бекітсін;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесе отырып, меншік түрлеріне қарамастан аграрлық-өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарды мен ұйымдарына, сондай-ақ өнеркәсіп орындарының сауда-дайындау ұйымдарына жеңілдікпен қысқа мерзімді қарыз беру тәртібін белгілейтін болсын;

1993 жылғы 1 қазанға дейін:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы" Заңға сәйкестендірсін;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының осы Заңға қайшы келетін қалыпты құжаттарын қайта қарауын және күшін жоюын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, Аграрлық мәселелер және азық-түлік жөніндегі комитет пен Экономикалық реформа, бюджет және қаржы мәселелері жөніндегі комитет осы Заңда көзделген шаралардың іске асырылу

барысына бақылау жасауды қамтамасыз етсін және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне белгіленген тәртіппен тиісті ұсыныстар енгізсін.

*Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Кеңесінің Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ